

Мемлекет және азаматтық қоғам

Тулепбергенов
Адильхан

Нуркеев Газиз

Охап Меруерт

Низамиев Санжар

Мемлекет

Мемлекет — белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы.

Мемлекеттің белгілері:

- мемлекеттің орталық және жергілікті билік органдары жүйесі болады, оған заңды, атқарушы және сот органдары, әскер, полиция жатады;
- мемлекеттің тұрғындары әкімшілік-аумақтық бірлестіктерге (облыс, аудан, ауыл, т.с.с.) бөлінеді (ол бірліктер әр елде түрліше аталады);
- мемлекеттің шекарасы анық белгіленген аумағы болады;
- мемлекеттің әскерді, полицияны, сотты, басқа мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін шенеуніктерді ұстау үшін салық жинайды
- мемлекет заңдар және басқа нормативтік-құқықтық актілер шығарады, солардың көмегімен қоғамда тәртіп орнатады.

Мемлекет түрлері:

Мемлекет құрылымы бойынша келесі түрлерге бөлінеді:

- ▣ **Унитарлық** (лат. *unitas* — біртұтас, біріккен) құрылыста саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекет ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейді. Оның территориясы, конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғары органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. Мысалы, Италия, Франция, Қазақстант.б. осы түрге жатады.

Унитарлы мемлекет - әкімшілік-территориялық бірлестіктердің саяси дербестігі болмайтын мемлекеттік құрылыс түрі. Мемлекеттік құрылысқа келесі сипаттамалар тән: елдің бүкіл территориясында тең жүретін біртұтас конституция; заңды күші бүкіл территорияға таралатын жоғарғы мемлекеттік билік органдарының біртұтас жүйесі; біртұтас құқық жүйесі; биліктің муниципалды органдарының жалпы мемлекеттік органдарға бағынуы

□ **Федерация** (лат. *foederatio* — одақ, бірлестік) — белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар, бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа бір мемлекетті құруы. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттері арасындағы айырмашылықтар жалпы мемлекеттік конституциямен реттеледі. Әр субъектінің өзінің жоғарғы билеу (заң шығарушы, атқарушы, сот органдары болады). Мұндай мемлекеттерге АҚШ, Алмания, Малайзия, т.б. жатады.

Мемлекет басқаруы бойынша

- Монархиялық
- Республикалық
- Диктатуралық



- **Монархия** (грек. *monarchia* – дара өкімет) – мемлекет басшысының билігі ұрпақтан ұрпаққа қалдырылатын мемлекеттік басқару формасы, мерзімсіз және халықтан тәуелсіз жүзеге асырылады.



Абсолютті монархия (лат. *absolutus* – шексіз) – мемлекеттік биліктің толықтай монарх қолына шоғырлануымен сипатталады. Басқарудың бұл формасында монархқа тәуелсіз мемлекеттік органдар болмайды. Қазіргі кездегі абсолюттік монархия сақталған мемлекеттер – Бахрейн, Бруней, Ватикан, Катар, Кувейт, БАӘ, Оман, Сауд Арабиясы.

Монархия неограниченная (абсолютная)



Саудовская Аравия



Оман



Бруней



Катар



ОАЭ



Бахрейн

Шектелген монархияда монархтың өкілеттігі конституциямен шектеліп (конституциялық монарх Басқарудың мұндай формасы 30-дан астам елде жүзеге асырылатын болса, соның ішіндегі 11 ел еуропалық мемлекет болып табылады. Конституциялық монархияның өзі *дуалистік және парламенттік* болып екіге бөлінеді. Дуалисті монархияда монарх атқарушы билікті тікелей басқарса (Иордания, Марокко), парламенттік монархияда шынайы билік мемлекет басшысында емес, парламент тағайындайтын үкімет ия деп аталуы осыдан), мемлекеттік биліктің тәуелсіз өкілетті органдары жұмыс істейді. басшысында болады (Ұлыбритания, Бельгия, Нидерланды, Швеция, Норвегия, Дания, Испания, Жапония және т.б.). Шектелген монархияда (әсіресе, парламенттік монархияда) мемлекет басшысында шынайы билік жоқ, ол тек мемлекет атынан өкілдік функцияны атқарады. Дегенмен, монархия басқару формасы ретінде сақталып қана қоймай, қайта қалпына келтіріліп, (мысалы, 1978 ж. Испанияда) саяси жүйенің мықты кепілі болуы мүмкін. Бұл ойды 1975 ж. Жапонияда жүргізілген сұраулардың нәтижесі растайды, сұралғандардың 80 пайызы император статусының сақталуын қолдаған. Сондай-ақ, 1997 ж. Ұлыбританиядағы және 1999 ж. Аргентинадағы дәл осындай сұраулардың нәтижесінде халықтың басым көпшілігі монархиялық басқару формасын жақтай отырып, монархиялық отбасыны асырау үшін салық төлеуге келісім берген (бір жылда 8 млн. фунтқа жуық).

Республика



Республика — мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарын белгілі бір мерзімге халық сайлайтын, не болмаса өкілдік мекемелері құратын басқару формасы. Бұл басқару формасында жоғарғы органдар сайлаушылардың алдында барлық жауапкершілікті алады.



Республиканың өзгешелігі

- Әрдайым бірнеше билік органдары болады, сондай-ақ органдардың арасындағы өкілеттілік жеке-жеке бөлінеді, яғни белгілі орган басқа бір органнан тәуелсіз;
- Мемлекет басшысы — Президент;
- Биліктің жоғарғы органдары және лауазым иелері халық алдында жауапкершілік көтереді.

Республика түрлері

Президенттік республикалар — бұл мемлекеттерде президент парламентаризммен қатар мемлекет және үкімет басшысының өкілеттігін қоса атқарады. Үкіметті тарату немесе құру тікелеу президенттің қолында болып саналады, бұл жағдайда парламент үкіметке әлеулі әсер тигізе алмайды (Қазақстан, АҚШ, Эквадор).

Парламенттік республикалар — бұл мемлекеттерде мемлекеттік басқару билігіндегі елеулі орында парламент алады. Парламент үкіметті құрып, кез-келген уақытта таратуға құқылы. Бұндай мемлекеттердің президенттері елеулі өкілеттілікке ие емес (Израиль, Грекия, ГФР).

Аралас республика — бұндай басқару формасы бар елдерде президенттің өкілеттілігі парламенттің өкілеттілігімен тең дәрежеде болады, сондай-ақ президенттің әр бір атқарған ісі, үкіметті құруы немесе таратуы міндетті түрде парламенттің қатысуымен жүргізілуі қажет (Ресей, Украина, Португалия, Франция).

Мемлекет тарихы

- Жалпы ежелгі дүниедегі мемлекеттердің қалыптасуы кезінде экономдау, басқару, қорғану мәселелерін шешу барысында адамдар бірлестігі жаңа сапалық қасиеттерді бойына сіңіріп, реттеу мен мәжбүрлеуді күшейтіп отырғаны байқалады. Ал адамдар қауымдастығының не үшін реттеу мен мәжбүрлеуді күшейтіп отырғанының себебі әр түрлі елдердегі мемлекет туралы ұғымның сол кезеңдегі түсініктерінде жатыр. Ежелгі грек ойшылы Платон “Мемлекет дегеніміз адамдардың азаматтық борышын өтеу үшін бірігуі” деп анықтама беріп, оның пайда болуына еңбек бөлінісі әсер етті десе, ал оның шәкірті **Аристотель** “Мемлекет дегеніміз адамдардың пайдалы игілік үшін бірігуі” деп түсіндірді.
- Көне Рим ойшылы **Цицерон** “Мемлекет дегеніміз ортақ іс, халық игілігі, ал халық дегеніміз адамдардың көрінген бір қосындысы емес, ол көптеген адамдардың құқық мәселесі бойынша келісімі мен мүдделер бірлігінің нәтижесінде байланысқан бірігуі” дейді. “Мемлекет” сөзінің араб тілінен аудармасы “иелік ету, иелену” деген ұғымды, яғни белгілі бір аумаққа, сол аумақтағы халыққа иелік етуді білдіреді. Ал түркі тілдес халықтардың кейбірі “мемлекет” сөзінің орнына “дәулет” сөзін пайдаланады. Енді дәулет дегеніміз байлық, яғни көшпелі тайпалардағы мемлекеттің қалыптасуына әсер еткен пайда табу идеясынан туындаған. Сонымен мемлекеттің әр түрлі себептердің нәтижесінде пайда болғанын оның атауы да аңғартады. Бірақ ондай себептер көп емес, шектеулі. мемлекеттің қалыптасуына географиялық орта немесе табиғи орта, адам саны, шаруашылық жүргізу тәсілі (экономика), өндіріс тәсілі мен еңбек бөлінісі, дін немесе дүниетаным іспеттес және басқа да сыртқы фактор әсер етеді.

Азаматтық қоғам – саяси өкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеяларды қабылдау қашанда сұхбатты, яғни сұхбаттасушы жақтардың түрлі көзқарастарын және маңызды тепе-теңдігін білдіреді.



Азаматтық қоғам - ол жеке тұлғаның негізгі құқықтыры мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілетін және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласы үйлесімді дамыған қоғам.



Назарларыңызға рахмет!